

**Алматы қаласында Мұхаммед Хайдар Дулати мен Райымбек Хангелдіұлына
ескерткіштер орнату туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 қаңтардағы № 17 Қаулысы

Белгілі ортағасырлық тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати мен қазақ батыры
Райымбек Хангелдіұлын мәңгі есте қалдыру мақсатында Қазақстан Республикасының
Үкіметі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Алматы қаласы әкімінің Алматы қаласында Мұхаммед Хайдар Дулати мен
Райымбек Хангелдіұлына ескерткіштер (бұдан әрі - ескерткіштер) орнату туралы
ұ с ы н ы с ы қ а б ы л д а н с ы н .

2. Алматы қаласының әкімі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) ескерткіштердің құрылысына жер учаскелерін бөлуді жүргізсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Ескерткіштерді орнату «Мұхаммед Хайдар Дулати» қоғамдық қорының және «
Райымбек батыр» республикалық қоғамдық бірлестігінің қаражаты есебінен жүзеге
а с ы р ы л а т ы н ы н а з а р ғ а а л ы н с ы н .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов